

**«Кентау орталық қалалық ауруханасы» шаруашылық жүргізу  
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын қызметінің  
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау жұмыстары  
нәтижесінде қалыптастырылған анықтама жобасына жария талқылау  
**ХАТТАМАСЫ****

**05.08.2025 жыл**

**Кентау қаласы**

Төрағалық етуші «Кентау орталық қалалық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның (Бұдан әрі - кәсіпорын) басшы орынбасары О.К.Тульбасиев,

Хатшылықта: Т.С.Иманкулов;

Қатысқандар: Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізетін жұмысшы топ құрамы және қоғам өкілі ретінде «AMANAT» партиясы Кентау қалалық филиалының консультантты Б.М.Лебаев.

**Күн тәртібінде:**

Кәсіпорын қызметінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау жұмыстары нәтижесінде қалыптастырылған анықтама жобасына талқылау;

Төрағалық етуші О.К.Тульбасиев 2024 жылғы 17 мамыр – 28 маусым аралығына жоспарланған Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Занының 8-бабы 5-тармағына және «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2023 жылғы 16 ақпандығы № 21 бүйрекін орындау мақсатында кәсіпорынның 2025 жылғы 25 маусым № 103н/қ бүйрекімен құрылған топпен сыбайлас жемқорлық тәуекелінің туындауына жол беретін себептер мен жағдайларға ішкі талдау жұмыстары жүргізілгенін айтты.

Нәтижесінде кәсіпорынның персоналды басқару қызметінде жұмыс тобымен сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталды. Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бойынша баяндамашы комплаенс қызметіне жауапты Т.С.Иманкулов сөз сөйлемеді.

Баяндамашы кәсіпорынның персоналды басқару қызметіне қатысты ішкі талдау жүргізу барысында жұмысшы топпен бір қатар кемшіліктерінің анықталғанын айтты.

Отырыс барысында қызметкерлер құрамын басқару және еңбек қатынастары, қадрлық тағайындау мәселесіне ашық механизмді енгізу және мемлекеттік сатып алу мәселері бойынша ішкі талдау жүргізіліп, ұсыныстар мен пікірлер айтылды.

Төрағалық етуші сөз кезегін алып, күн тәртібіндегі талқыланған мәселе өзекті екендігін айтып, қатаң бақылауға алу қажеттігін тапсырды. Заңнама талаптарын сақтауды қатаң ескертті.

Кәсіпорын қызметінің сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау жұмыстары нәтижесінде қалыптастырылған анықтама жобасына талқылау жүргізу жиналысы

### **ШЕШІМ ЕТТИ:**

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысы бойынша анықталған кемшіліктерді жою мақсатында жұмыстар жасалсын.

Төрағалық етуші:

О.Т.Тульбасиев

Жиналыс хатшысы:

Т.С.Иманкулов

